

Дос

(Ойын алаңы Инабаттың кішкентай шағы Инабат көңілсіз
әткеншекте отыр)

(Инабат) ішінен ойланып....

Неге менің достарым жоқ .үнемі жалғызсырап отырамын .

(Кішкентай Алина) Сәлем менің атым Алина сен неге жалғыз
отырсың .

(Инабат) менің достарым жоқ ешкім менімен ойнамайды.<деп
көңілсіз жерге қарап қалады >

(Алина) онда екеуміз дос болайық меніңде достарым жоқ кіммен доп
ойнасам деп жүр едім .жақсы болды екеуміз енді дос боламыз . <деп
екеуі ойнап кетеді >

(Инабат) Сен өте жақсы дос екенсің енді екеуміз ажырамас дос
болайықшы.

(Алина) жарайды енді екеуміз ажырамас доспыз деп. <Екеуі
ойындарын жалғастыра түседі >

Арада 1-ай өтеді екеуі әткеншек теуіп отырады сөйтіп Инабат әңгіме
бастайды .

Алина ойын ойнап жалығып кеттім басқа бір нәрсе істейікші
мысалға кітап оқып жарысайық.

(Алина) жарайды онда кеттік кітапханаға. Кітаптың бірін алып алып
уақытқа қойып жарысайық .

(Инабат) жарайды кеттік .

2-бөлім

Солайша арада 7жыл өтеді Алина мен Инабат үлкен қыздар болып
өседі солайша екеуі әліде ажырамас достар болып жүреді

(Алина)

Инабат менде бір ой бар

(Инабат)

Қандай ой тағы кітап оқып жарысамыз ба?

(Алина)

Жоқ сол оқыған білімізді шыңдаймыз Қысқасы Ел үміті деген жоба бар екен соған қатысайық.

(Инабат).оған қалай қатысамыз .

(Алина)

Оған қатысу үшін екеуміз бірінші іріктеуден өтіп сосын 7бағыт бойын сертификат жинаймыз.

(Инабат).қандай сертификат?

(Алина).қысқасы спорт,оқуға құштарлық, еріктілік,экология ны қорғай отырып сертификаттар жинаймыз.

(Инабат).жарайды онда бастайық

Солайша екеуі іріктелуден өтіп 7бағыт бойынша сертификат жинауға іске кіріседі

(Алина).Инабат ертең Мұқағали Мақатаев тың Шығармашылық жарысы болады соған қатысайық

(Инабат).жарайды ол онлайн болама әлде офлайн болама.

(Алина).Бұл жарыс онлайн болады екен.М.Мақатевтың өлеңін жақсылап жаттап Видеооға мәнерлеп айтып түсіріп жібереміз.

(Инабат).жарайды .

Келесі күні .

(Алина).Айтпақшы кешегі Мұқағали Мақатаевтың жарысының қорытындысы шықты ғой.Соның грамотасын жүктедің бе?

(Инабат) Ия жүктеп үлгердім

(Алина)Жүктеп үлгергеніміз жақсы болыпты.

(Инабат) Ия

(Алина) Айтпақшы бүгін Ел үмітінің 1кезеңінің жауабы шығатын еді.Соны көрейік.

(Инабат) Ол менде ашпай тұр. Сенен көрейінші

(Алина) Жарайды. Міне қорытындысы осыны көрейік.

(Инабат) Ия ия көрейік.

(Алина) О міні сен

(Инабат) Ол мен өтіппін

(Алина) Мен қайдамын? О менде өтіппін. Екеуміз бірге өтіппіз

Содан екеуі көптеген жарыстарға қатысып әйтеуір дегенде 7-бағыт туралы сертификат, диплом жинайды

(Инабат). Ураааа біз 1-ші кезеңнен өттік енді не болады?

(Алина)

Қызықтың бәрі енді басталады. Екеуміз лагерге жолдама алдық. Енді лагерге барып көптеген қызықты сәттерге куә боламыз. Жаңа ортамен танысамыз, көптеген үйірмелер болады соларға қатысамыз. Содан соң 2-ші кезең басталады. 2-ші кезеңде екеуміз бір топ болып кино түсіреміз. Киномыздың басты мақсаты екеуміздің бала кезден дос болып келе жатқанымызды, бірге көптеген жетістіктерге жеткенімізді, әлі де алар асуларымыз көп екенін көрсетеміз. Сол киномыз арқылы басқа да жандар біздің ажырамас достығымызды көре отырып бізді қолдайды. Солайша ақшалай сыйлық ұтып алып ата-анамызға, бауырларымызға, сыныптастарымызға барша-барша жандарға «Бірге болсақ, біз үшін алынбайтын қамал, бағынбайтын белес жоқ» екенін дәлелдейміз